

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Жанкүл Тамараасардың «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі уақытта Қазақстанның рухани жаңғыруы жағдайында елдің ұлттық коды мен ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, әлемдік отыз елдің қатарына ену мен бәсекегеқабылеттілікті дамыту бағытында ұлттық сана-сезімді жаңғырту қажеттілігі халықтың сан жылдар бойы жасаған тарихы мен мәдениетіне, өнеріне құрметпен қарап қана қоймай, олардың озық үлгілерін дамыта түсудің, болашақ ұрпақ пен бүгінгі жастардың санасына сіңірудің жолдарын іздестіруді, зерттеуді талап етеді. Сондай-ақ, индустриялық-инновациялық экономикаға қабылетті Қазақстанды құру үшін ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформадағы «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарында қойылған міндеттерді жүзеге асыру шығармашылықты, жоғары білікті адами қорлардан талап етілгендігі айтылған. Оған қоса «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық жобаның негізгі мақсаты – қазақстандықтарды жаңа жағдайға тәрбиелеу мен адам капиталын байыту негізінде, мемлекетті бәсекегеқабылетті Қазақстанға айналдыру болып табылады.

Қазақстан қоғамында интеллектуалды ұлт қалыптастыру ұлттық бірегейлікті сақтау мен адам капиталының жан-жақты дамуына бағытталған. Оның үстіне мәдени бағдарламаны қолдау, халықтың мәдени рөлін арттыру, жаңа қазақстандық мәдениеттің әлеуетін қалыптастыру, Қазақстанның әр түрлі этномәдениетін болашақта дамыту мен оның беделін арттыру міндеттері Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа Жолдауларында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және басқа да стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан. Бұл түсінікті де, өйткені елдің, атап айтқанда балалар мен жастардың интеллектуалды дамуы қоғамның ұлттық сана-сезімінің жаңғыруының негізі саналады.

Осы міндеттердің шешімін табудың бір жолы болып ұлттық мәдениет пен өнердің, соның ішінде халық музыкасының бай мұрасы негізінде студенттерді интеллектуалды дамытуды зерттей отырып, оның нәтижелерін практикаға ендіру табылады. Осы тұрғыдан PhD докторант Жанкүл Тамараасардың диссертациялық зерттеуінің көкейкестілігі күмән келтірмейді.

Жанкүл Тамараасар *зерттеу барысында* философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың теориялық негіздерін айқындау барысында «интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарын өз зерттеу нысанына сәйкес нақтылады;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтады;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындап, топтастарды;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды әдістемелік тұрғыдан негіздеп, тәжірибелік-эксперимент жұмысы негізінде оның тиімділігін анықтады.

Докторанттың музыка саласындағы болашақ мұғалімдерге арнап жасаған бейіндік пәндер бағдарламаларына қосымшалары мен «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсы диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған докторлық диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

Жанкүл Тамараасардың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық сатысын орындауда автор зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу барысында белсенділік танытты. Жанкүл Тамараасар диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Жанкүл Тамараасардың «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады, деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

С.Ж.Пірәлиев